

ӘӨЖ 070(574)

К. Мамырова

Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: mamurova@mail.ru

Радиодағы диктордың қызметі қақында

Мақалада радиодағы дикторлардың қызметі, диктордың міндеті туралы айтылған. Табиғат берген дауыс, дұрыс дикция, ана тілін жақсы білмеумен қатар күнделікті білімін жетілдіріп отырып, эфир этикасын сақтау-мәдениеттілік пен еңбектің арқасында келетіндігін талдау жасалды. Радиодағы диктордың қызметіне жан-жақты тоқтала отырып, қазақ радиосындағы тұңғыш дикторлық қызметтің алғашқы қарлығаштары туралы тың мәліметтер берілген.

Түйін сөздер: радио, диктор, дикция, эфир, этика.

К.Мамырова

About work of radio of speaker

In article an idea is given of announcer's service on radio, of duties of the announcer. Features of a voice of the announcer, the correct diction, good knowledge of the native language, and also observance of an etka of air, enrichment by knowledge which are guarantee of creative success are analyzed. It is spoken about first signs – announcers of the Kazakh radio. It is noted that it is necessary to estimate work of the journalist – the announcer as a peculiar kind of art.

Keywords: radio, speaker, diction, ether, ethics.

К. Мамырова

О работе диктора на радио

В статье дается представление о дикторской службе на радио, об обязанностях диктора. Анализируются особенности голоса диктора, правильная дикция, хорошее знание родного языка, а также соблюдение этики эфира, обогащение знаниями, которые являются залогом творческого успеха. Говорится о первых дикторах казахского радио. Констатируется, что необходимо оценивать труд журналиста – диктора как своеобразный род искусства.

Ключевые слова: радио, диктор, дикция, эфир, этика.

Диктор – радионың бірден бір қозғаушы күші. Диктор жүргізген хабарлардың көпшілікке тікелей әсер ететінін ақиқат. Жанр табиғатына сай диктордың хабарды түрлендіруге, әсерлі етуге мүмкіндігі мол. Өйткені, ол-маман. Сондай-ақ ол хабарды дайындаушы ұжым мен радионы тыңдаушы арасындағы дәнекер. Радионың бүкіл өнімі жұртшылыққа арналып, бағытталатынын ескерсек, соны тыңдарманға жеткізуші тұлға диктор.

Еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін радиоға құлақ түретіні анық. Радио тыңдаушылардың жас шамасы ғана емес, қабылдау

деңгейі де әртүрлі. Мектеп оқушысынан академикке дейін деуге болады. Сонымен бірге ол эфирге шығаратын материалды радиожурналистің ұшан-теңіз еңбегі, ізденісі, эфирге хабарды әзірлеген редактор мен режиссердің және бүкіл шығармашылық ұжымның еңбегі тұрғаны аян. Осынша қыруар жұмысты мүлтіксіз орындап шығу оңай шаруа емес.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің үшінші томында дикторға «диктор-микрофон алкылы хабарларды оқитын адам», – деп анықтама берілген.

Жалпы бүкілодақтық радиодағы алғашқы дикторлар театрлар, театрлық студиялар мен

жоғарғы оқу орындарынан келген мамандар болды. Сол дәуірдегі актерлер мен жастарды бұл мамандық шығармашылық жаңашылдығымен эфир арқылы қоян-қолтық араласуға болатындығымен тартты. Радио өнердің ең алдымен аудиториясын көп бүкілхалықтық сахна болуымен қызықтырды. Бүкілодақтық радионың алғашқы дикторлары болып Александр Гурин мен Зинаида Релизова саналады. Одан кейін бүкіл одаққа ақпарат оқыған, соңғы жаңалықтарды жеткізуші көркем сөз шеберлері, дикторлық өнердің майталмандары Юрий Левитон, Наталья Толстова, Элизавета Юзвецкая, Дмитрий Орлов, Михаил Лебедевтер еді.

Бүкілодақтың радионың алғашқы дикторларының бірі В.Н. Пашеннаяның айтуынша: «Радио – бұл өнер. Ал, біздер, орындаушылар, микрофонға ерекше ұқыптылықпен қарауымыз керек. Ең бастысы – сөз туралы ұмытпауымыз қажет. Себебі радиодағы сөз – ол оның бүкіл болмыс, бітімі».

Міне осыдан-ақ радионың ерекшелігін анықталып тұр деуге болады. Ал, 80 жылдан аса уақыт еліміздің әуе толқынындағы тұңғыш радиоарна қазақ радиосы алғаш шаңырық көтергенде оның алғашқы қарлығаштары болып қызмет еткендер – Жүсіпбек Елебеков, Әміре Қашаубаев, Қасым Аманжоловтар. Кейін Бибігүл Төлегенова, Мина Сейітова, Мұқағали Мақатаев, Ермек Серкебаев, Қатира Әзімбаева, Шарипа Бейсекеева, Сауық Жақанова тәрізді көрнекті дикторлармен толыға түсті.

Әрине дикторлық өнер туралы айтқанда, ең алдымен ауызға аларымыз-дауылпаз дауыс иесі, кезінде Левитанның өзі «ізбасарым»- деп таныған. «қазақтың Левитаны» атанған диктор Әнуарбек Байжанбаев пен саңлақ, сандуғаш дауыс иесі-Сауық Жақанова.

Әнуарбек Байжанбаевтың әрбір хабарға жан бітіріп, нәр беруі, ой мен сөздің, мазмұнның, сөйлемдердің ішкі иірімдерінің синтездік байланыстарын байыта түсу шеберлігі, тыңдаушыны еріксіз өзіне баурап әкетеді.

Хабардың ішкі дүниесіне бірегей араласып, біте қайнаспай тұрып, халыққа қажетті нәрсе ұсына алмайсың. Бұл дегенің бос әурешілік, құр арамтер болумен тең. Сосын сөйлемдерді бір қалыпты, бір деңгейде оқу да абырой әпермейді. Одан әзірлеген хабардың мазмұны тасада қалып, тыңдаушы тез жалығады да, радионың құлағын жылы жауып тастайды. Енді керісінші хабардың кілтін тауып, оның пердесін дөп басып отырсаң

тіпті сапасы орта хабардың кедір-бұдыры білінбей кетеді. Сондықтан оқу мәнеріне көп ден қойып, көп жаттығу керек. Бұған қосымша сауатты болу жағын есте ұстаған жөн. Өйткені, саналықтың бастауы – сауаттылық. Бұл жолдағы жан серіктерің –жалықпай жаттығу мен іркілмей іздену.

Радио дикторы – тыңдармандар үшін ана тілін өте жақсы меңгерген, тіл нормаларының заңдылықтарын жетік білетін, сөйлеу шеберлігі мен сөз мәдениетінің үлгісі, шешендік өнердің қыр-сырын меңгерген болуы тиіс. Сондықтанда дикторға қойылатын ең басты талап – бұл ана тілін жік-жігіне талдап, тіл нормалары мен ережелерін жетік меңгере білу болып табылады. Диктор қай материалды болсын актерден кем оқымауы тиіс. Яғни, оның суреттей білу қиялы ұшқыр болуы қажет. Себебі оқып отырған дүниесі тек қана жеке тәрбие мен жеке әсерден пайда болмайды. Көпшілікке жеткізетін жағдай мен фактіні қиялда дамыта, ойната, жандандыра білген сайын, оқу эмоционалды, әсерлі бола түседі. Әрине, ең негізгі диктор қандай ақпарат оқып, отырғандығына басты мән беріп, ақпараттың мазмұны мен салмақтылығын қарай дауысын дәл қоя білуі тиіс.

Дикторлар күніне ондаған ақпараттар, әңгіме, очерктер оқиды. Олар бірнеше авторлардың дүниесі, Әрқайсының жазу стилі, өз ойын беруі әртүрлі болады. Осы ерекшелікті тез түсініп, шапшаң меңгеріп әкету керек.

Бүгінгі таңдағы радиодағы дикторлар көбіне ақпарат оқу мен тікелей эфирде «Құттықтау», «Сазды сәлем» сияқты хабарларды жүргізеді. Журналистің дайындаған дүниесін оқиды.

Электронды ақпарат құралдарындағы соңғы өзгерістердің бірі тікелей эфирдің өрістеуі. Ақпараттың жылдам даму заманында тыңдарман қысқа әрі мазмұнды хабарларды күтеді. Осыған байланысты радио журналистика жанрлары да бірқатар өзгерістерге ұшырады. Бір хабардың бойынан әртүрлі жанрлардың белгілерін байқауға болады. Бұл дикторлық өнерге де өз әсерін тигізуде. Тіпті радиодан дикторлық қызметі шектелініп тастап олардың орнына журналисттер қызмет атқарған кезеңдер болған. Соңғы он өзгерістің бірі – дикторлық өнердің қайта эфирге оралуы болып табылады.

Радионың құралы – сөз. Ал сөзден қасиетті, сөзден құдіретті, сөзден ауыр, сөзден қымбат ешнәрсе жоқ. Жақсы диктордың сөз байлығы мол, сөйлеу мәдениеті қалыптасқан болуы ке-

рек. Ең бастысы – қазақ тілін, оның үндестік заңдарын жете білуі қажет. «Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады» – деген халқымыздың мақалы бар. Ал сөз байлығының көзі – шенендік өнерде.

Дикторлық өнер қакында Әнуарбек Байжанбаев : «Шебер дикторлықтың бір пернесі, тіпті түп-төркіні шешендік өнерде жатыр. Маман диктор – сөйлеу дайын тексті оқу мәдениеті ерекше жетілген адам. Ал сөйлеу мәдениетін меңгеру шешендік өнермен тығыз байланысты», – деп ой түйеді. Бұл сөздің астарында шындық жатқанын зерделі оқырман өзі де түйіндей жатар деген ойдамыз.

Диктордың негізгі міндеті- тыңдарманға оқып отырған ақпарат, мақала немесе хабарландыру тәрізді дүниені терең әрі дұрыс жеткізе білу. Диктор сөзінің бай және қолданыстағы тіл көркемдігі оның білім аясының кеңдігіне өз бетімен ізденісіне, жан дүниесінің парасаттылығына, жалпы өмірдегі пайымдауларына, байқаулары меңгерген құндылықтарына байланысты.

Ең бастысы-ауыз екі сөйлеудің нақты ережелерін, тіл заңдарын толық игеруі тиіс. Дикторлық шеберлікке жетудің бір жолы-өз дауысын жазып алып, өзін қайта тыңдау. Бұл рухани өсіп-жетілудің, кәсіби шеберлікті үстемелеп арттыра түсуде тапсырмайтын құрал болып саналады.

Диктор жан-жақты білімді адам болуы шарт. Ол елімізде, әлемде болып жатқан барлық негізгі жағдайлар мен оқиғалардан хабардар әрі оны талдай, талқылай білгені жөн. Себебі материалды бере, әрі соған сендіре білу ең алдымен диктордың мәдениеті мен білім деңгейіне байланысты. Қандайда бір тақырыпқа байланысты мақала, мейлі ол шағын болсын, өзіндік жеке тыңдармандарға ие. Сол себептен диктор хабар авторының ойын нақты жеткізуге ұмтылады. Сол үшін сол хабарды жан дүниесімен игере алатын білім, өре қажет. Хабардың тақырыбы оқып отырған диктор сонда ғана тыңдарманын қызықтырып, баурай алады. Бұл жөнінде Әнуарбек Байжанбаев:

«-Диктордың негізгі құралы – әуезді үн, мәнді де терең мағыналы сөзді дйттеген жеріне жеткізе оқи білу. Сөзді ойнатып оқу, ал жігерсіз сөз жүрекке жетпейді» – деген қорытындыға келеді. Осы бір байлам әр диктордың есінде болуы керек. Диктор мен журналист бір-бірімен тығыз қарым қатынас, байланыста. Осы

мамандықтар бірігіп, үндесіп барып үйлескенде ғана диктор өнері өз тыңдаушысын табады. Мұндай жағдайда оның сөзі құлаққа жағымды, ойға ұтымды, тыңдаушыны еліктіргіш келеді. Бірақ радионың өзіндік ерекшелігін, тек өзіне тән қасиеті мен сипатын ешқашанда ұмытпау ләзім. Осы жөнінде С.Ақтаев: «Диктор алғашқы сөйлемдерден текстің не жайлы айтылғанын біліп, бар білімінді, күш-жігерінді соған байыптап оқиды. Осы кезеңде диктор шеберлігі танылып қалады», – деп ескертеді. Диктор қолына түскен мәтінді өзгертуге құқығы жоқ. Оның алдына келген материалдарға көз жүгіртіп қарап шығуға бір-екі минут уақыт қана берілетін сәттер жиі кездеседі. Дәл осы кездерде барлығы оның шеберлігіне, мәтінге терең ене білуіне байланысты болады. Себебі тыңдарман үшін хабарламаның, ақпараттың мазмұнына және формасына жауап беруші тек диктор болып саналады.

Мәтінді өзі талдай, түсіне білу диктор үшін тыңдарманның ақпаратқа қызығушылығын артыруға қызмет етеді. Диктор жаттанды әрі қайталана беретін әдістерді жиі пайдаланса ұтылады. Бұл формальды оқуға алып келеді. Көпшілік бұдан тез жалығыды. Кейбір дикторлар балалар, гүлдер немесе театр туралы материалды оқығанда алдын-ала күліп жаттанды жасандылыққа барып, сол күлкіге мәтінді қосады. Бұл тым жасандылықтың белгісі. Күлкі мазмұнға сай рөл атқаруы қажет. Ал егер материалдың мазмұнына қарай диктор керек жерде сыпайы күлсе, тыңдарман жүрегінен орын табар еді.

Кейде диктор мәтінді оқу барысында хабар мазмұнымен мүлде үш қайнаса сорпасы қосылмайтын тыс әңгімелерге көшсе, ол хабардың деңгейін мүлде төмендетеді, диктордың дәрменсіздігін танытады.

Диктор жұмысындағы бір кемшілік- бір келкі, сарында оқу. Мәтіндегі әр сөз бір сарында оқылса, ол бірдей болып тыңдаушы жалығады. Әрбір фразада салмақты ой жатқаны, әрі сол ойды негізгі бір сөз анықтайтынын, сондықтан да сол сөзге көңіл бөліп, екпінді түсіру керектігін ұмытпау керек. Мәтін оқу барысында сөзге канат бітіріп, құлпырта білетін, ең негізгі сөзге логикалық екпінді түсіре отырып, тыңдарманның жүрегіне жол табатын, оқуда ашық меццо-сопрано, динамикалық әрі өткір дауысымен есте қалатын Сауық Жақанованың дикторлық өмірін ерекше атап өтуге болады.

Сауық Жақанованың даусына, сөз таптауынан, сөйлемдеріне ой бере білуімен өзіндік дара жолды, ерекше бағыт-бағдарын байқасақ, ол қазақы сөздерді асқақтатып, мәнерлеп жеткізу даралығымен, ұлттық бояу-нақышымен көзқарас, таным биіктігімен дикторлық өнердегі шеберліктің шексіз екендігін дәлелдейді.

Диктордың дауыс мәнері, оқу ырғағын шебер меңгеруі, режиссердің ұтқырлығы мен тапқырлығы, бір-біріне қиюласып, қосылған қос өзендей кемерінен асып-тасып жатса, онда хабар жасау барсындағы төгілген тер еселеп қайтты деген сөз.

Жазушы өз шығармасында өз кейіпкерінің түр-түсі мен ішкі жан әлемін қатпарлы жұмбақ сырларын ақтару үшін бірнеше адамның болмыс-бітімінен саралап жинақтап типтік бейне жасайтын болса, диктор микрофон арқылы өз бейнесін сөйлеп отырған сөзі арқылы сомдайды.

Қаламгер әдебиеттің құралы ретінде сөзді жазу арқылы әрекетке қосып, қажеттілікке жаратса, диктор соны сөйлеу тіліне қосып жан бітіріп ажарландырады, сұлуландыра түседі.

Диктордың құдіреттілігі сонда эфирде сөйлеп отырып дүниеге өз дауысы, шеберлігі арқасында ақпарат таратушы, жеткізуші, ой салушы. Ішкі сезім иірімдерін айшықты мәнерлеп, ырғақпен, ең таза, өте әсерлі дауысы арқылы жеткізуші.

Диктордың лексиконы бай, тілі орамды, стилі жатық, дауыс ашық, дыбыстау мәдениеті өрісті де өрелі болуы қажет.

Қорыта келгенде дикторлық үлкен өнер. Жұртқа танылған халық бағалаған ділмәр диктор болуы үшін ең алдымен әрбір сөзі анық, қабылдауға жеңіл. Құлаққа жағымды, ойнақы әрі жатық болуы керек. Диапозаны да кең болуы шарт.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – 3-том. – Алматы, 1978. – 129-б.
- 2 Әбназаров Ү. Ұмытылмас жылдар, ақиқатты сырлар / Алматы ақшамы, 8.09.2001 ж.
- 3 Музыря А. Искусство слышать мир. – М., 1989. – 262-б.
- 4 Ақтаев С. Дауылпаз дауыс. – Алматы, 1989. – 58-б.
- 5 Ақтаев С. Дауылпаз дауыс..Алматы, 1989. – 101-б.

References

- 1 Kazakh language tyndirme mechanics. -1978.3. vol. 129-2.
- 2 Abnazarov UE. «Ұмытылмас жылдар, ақиқатты сырлар» ақшамы «Almaty». g 8.09.2001.
- 3 Muzyrâ a. «the art of hear the world», Moscow, 1989. 262-b.
- 4 Aqtaev. «Dauylpaz» vote Almaty, 1989 g. 58
- 5 Aqtaev. «Dauylpaz» vote Almaty, 1989 j. 101-b.